

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Балабақша -балалық шақтың бастау бұлағы .**ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.06.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/181435/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Автор: Алимбаева Әйгерім Нұрланқызы Балабақша - балалық шақтың бастау бұлағы. Балабақша - бүлдіршіннің алғаш қоғамдық ортаға бейімделетін, тәрбиемен, біліммен сусындайтын алтын ұясы. Бұл мекеме - мектепке дейінгі тәрбие мен білім...

Автор: Алимбаева Әйгерім Нұрланқызы

Балабақша - балалық шақтың бастау бұлағы.

Балабақша - бүлдіршіннің алғаш қоғамдық ортаға бейімделетін, тәрбиемен, біліммен сусындайтын алтын ұясы. Бұл мекеме - мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі буыны. Баланың тұлға болып қалыптасуында, ой-санасының жетілуінде балабақшаның алар орны ерекше.

Қазіргі таңда балабақшалар тек бала қарау орны ғана емес, жан-жақты дамыған, шығармашыл, білімді ұрпақ тәрбиелеудің орталығына айналып отыр. Жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлінген бүлдіршіндер ойын арқылы танымын кеңейтіп, күнделікті өмірмен танысады, өз бетімен әрекет етуге, өз ойын еркін жеткізуге, тіл дамытуға үйренеді.

Балабақшада баланың тәрбиесі мен дамуына білікті тәрбиешілер мен педагог мамандар жауапты. Олар әр баланың бойындағы қабілетті байқап, соны дамытуға жағдай жасайды. Ән айту, сурет салу, би билеу, қолөнер және спорттық ойындар арқылы балалар жан-жақты дамиды. Сонымен қатар, логикалық ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар мен ойындар арқылы бала зеректігі қалыптасады.

Балабақшада балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, достыққа, ұйымшылдыққа, тәртіпке үйренеді. Бұл - олардың болашақ мектеп өміріне дайындығының бір бөлігі. Әдептілік, тазалық, тәртіп сақтау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты адами қасиеттер де осы кезеңде қалыптасады.

Мемлекетіміз мектепке дейінгі білім беру саласына ерекше көңіл бөліп келеді. Жаңа типтегі балабақшалар, инклюзивті топтар, үштілді білім беру сияқты бастамалар балалардың болашақ өмірге бейімделуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, балабақша мен

ата-ананың тығыз байланысы баланың дұрыс дамуына ықпал етеді. Тәрбие мен білім бірлікте болған жағдайда ғана толыққанды жетістікке қол жеткізуге болады. Қорытындылай келе, балабақша – тек баланың уақытын өткізетін орын емес, оның өмірге қадам басар алғашқы сатысы. Балабақшадағы әрбір күн бала үшін жаңа әлемнің есігін ашады. Сондықтан да, тәрбие мен білімнің негізі осы балалық шақтан басталады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.